КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 01 шілде Іс №1013-25-00-2/965 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К. Сыздыков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"СтройКомфорт Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының "СтройКомфорт Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

"СтройКомфорт Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"СтройКомфорт Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Теплокоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 13 341 (он үш мың үш жүз қырық бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

"СтройКомфорт Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 2 366 (екі мың үш жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **К.С.Сыздыков**

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 01.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.08.2025, судья Сыздыков К. С., 08.08.2025